

"Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 1 шілдедегі № 116 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 шілдеде № 23432 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14740 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Мемлекеттік қызметтер департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Агенттіктің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бақылау және бағалау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істер агенттігі Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

А. Жаилғанова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
2021 жылғы 1 шілдедегі
№ 116 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі Төрағасының
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 78 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және олардың ведомстволарының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерінің, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдардың немесе жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – Тексерілетін субъектілер) мемлекеттік қызметтер көрсетуі сапасына мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) 134-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

3. Мемлекеттік бақылау мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) объективтілік;
- 3) бейтараптық;
- 4) анықтық;
- 5) жан-жақтылық;
- 6) ашықтық.

2-тарау. Сыртқы мемлекеттік бақылау жүргізудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын сыртқы мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) және оның аумақтық органдары Тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасын сақтауын профилактикалық бақылау, жоспардан тыс тексеру (бұдан әрі - тексеру) және мониторингтеу нысанында жүзеге асырады.

5. Тексеру және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде Агенттік және оның аумақтық органдары:

1) тексерілетін субъектілерден және (немесе) лауазымды адамдардан тексеру және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің нысанасына тиісті қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеру және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің нәтижелері туралы актіге қосу үшін, сондай-ақ тексерудің және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуді сұратады және алады;

2) ауызша тыңдайды және тиісті лауазымдық тұлғалардан жазбаша түсініктемелерді талап етеді (нақты сұрақтар қою жолымен);

3) ішкі бақылау нәтижелері туралы ақпаратты сұратады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке тұлғалар, коммерциялық емес ұйымдар ұсынған ақпаратты қолданады;

5) Тексерілетін субъектілерге мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру, оның ішінде анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқама енгізеді, сондай-ақ Кәсіпкерлік кодекстің 153-бабында көзделген шараларды қабылдайды.

1-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуына тексеру және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің тәртібі

6. Профилактикалық бақылау:

1) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауға;

2) Тексерілетін субъектіге бармай профилактикалық бақылауға бөлінеді.

7. Тексерілетін субъектіге бару арқылы жүзеге асырылатын, құқық бұзушылықтардың профилактикасына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне олардан төнетін қатердің профилактикасы мен алдын алу мақсатында олардың жасалу себептері мен жағдайларын жою үшін ұсынымдар беруге бағытталған бақылау профилактикалық бақылау болып табылады.

Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы Кәсіпкерлік кодекстің 152-1-бабының 2, 3 және 4-тармақтарына сәйкес бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасалады.

Агенттік және (немесе) оның аумақтық органы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асырған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайды.

8. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес өрескел бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша Агенттік және (немесе) оның аумақтық органы Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тексеру тағайындайды.

9. Тексерілетін субъектіге бармай профилактикалық бақылауды талдау нәтижелері тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін Бақылау субъектілерін іріктеуге үшін де негіз болып табылады.

10. Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындау негіздемелері Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде Агенттік Төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бекіткен жартыжылдық тізімі болып табылады.

11. Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері Кәсіпкерлік кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары негізінде жасалады және есептілікті және бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелерін талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ, нақты фактіге байланысты және ықтимал тәуекелдері бар бақылау субъектілері аясын айқындау мақсатында, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталын пайдалана отырып және басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу арқылы қалыптастырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына бір реттен жиі емес айқындалады.

12. Тексерілетін субъектіге бармай профилактикалық бақылау осы Кәсіпкерлік кодекстің 137-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Тексерулер Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабының 3-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүргізіледі.

14. Тексеру және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау: орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтеріне Агенттіктің қызметкерлері жүргізеді;

орталық мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімшелерінің және олардың ведомстволарының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың,

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерінің және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтеріне құзіреті шегінде Агенттіктің аумақтық органдарының қызметкерлері, сонымен қатар Агенттік басшылығының тапсырмасы бойынша Агенттіктің қызметкерлері жүргізеді.

15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген Тексерілетін субъектілерді қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың (көрсетілетін қызметті берушілердің) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасын бұзғаны туралы шағым келіп түскен жағдайда, мұндай шағым Кәсіпкерлік кодексте көзделген бақылаудың тиісті шараларын қабылдау үшін осы мемлекеттік қызметтер көрсетілген салада бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарға жолданады.

16. Кәсіпкерлік Кодекстің 154-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тексерілетін субъектіге бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары, консультанттары мен сарапшылары да тартылады.

17. Тексеру және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау Кәсіпкерлік кодексінің 145-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес мәліметтерімен қамтылған Агенттіктің басшылығы немесе оның аумақтық органының басшылары немесе олардың міндетін атқарушы тұлғалар шығарған тексеруді және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

18. Тексеру және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып Кәсіпкерлік кодекстің 148-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленеді.

19. Тексеру және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімдері Кәсіпкерлік кодекстің 148-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен ұзартылады.

Тексерілетін субъектіні тексеруді тоқтата тұру не қайта бастау туралы хабардар ету Кәсіпкерлік кодекстің 146-бабына сәйкес жүргізіледі.

20. Тексерілетін субъектінің қызметіне (дербес дерек бойынша дара немесе жалпы белгіленген кезеңде) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мәселесі бойынша тексерудің алдында оның қызметін реттейтін және сипаттайтын нормативтік құқықтық актілер, материалдар зерделенеді.

21. Тексеруді және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу кезінде Агенттіктің немесе оның аумақтық органының құзыретті қызметкері (бұдан әрі - Тексеруші адам) Кәсіпкерлік кодекстің 147-бабының 1-тармағында көзделген мерзімде тексеруді және Тексерілетін субъектіге бару арқылы

профилактикалық бақылауды жүргізудің басталатыны туралы Тексерілетін субъектіге хабарлайды.

22. Тексерілетін субъектіге немесе оның өкіліне тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы актіні табыс ету, сондай-ақ Тексерілетін субъектіні тексеруге және Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауға жататын талаптардың тармақтары көрсетілген тексеру парағымен таныстыру күні тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің басталуы деп есептеледі.

23. Тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы актіні қабылдаудан, тексеру парағымен танысудан бас тартылған, сондай-ақ Тексерілетін субъектіні тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаның тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда хаттама жасалады.

Хаттамаға Агенттіктің және (немесе) оның аумақтық органының тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамы және заңды тұлғаның басшысы не оның уәкілетті адамы, жеке тұлға қол қояды.

Тексерілетін субъектінің басшысы не оның уәкілетті тұлғасы бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме бере отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы.

Тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді немесе Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізбеуге негіз болып табылмайды.

24. Тексерудің аяқталуы бойынша Тексеруші адам тексерудің нәтижелері туралы актіні үш данада жасайды.

Агенттік және оның аумақтық органы тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасын құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына электрондық нысанда тапсырады, екінші данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау және басқа да іс-қимылдар үшін Тексерілетін субъектіге немесе оның өкіліне қағаз жеткізгіште қолын қойғызып беріледі, үшінші данасы бақылау органында қалады.

Тексерудің нәтижелері туралы актіде Кәсіпкерлік кодексінің 152-бабының 1-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

25. Тексеру нәтижелері туралы актіге бұзушылықтар анықталған жағдайларда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама қоса беріледі.

Тексеру жүргізілу барысында тексеру парақтарының талаптарын бұзушылықтар анықталған тексеру нәтижелері туралы әрбір акт бойынша Кәсіпкерлік кодекстің 152-1-бабының 2, 3 және 4-тармақтарына сәйкес жасалған бір ғана нұсқама беріледі.

26. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірмей, Тексерілетін субъектіге немесе оның өкіліне тексерудің нәтижелері туралы актінің тапсырылған күні тексеру мерзімінің аяқталғаны болып есептеледі.

27. Тексерілетін субъект немесе оның өкілі тексерудің нәтижелері туралы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тексеруші адам (адамдар) еркін нысанда тиісті хаттама жасап, ол актінің бір данасымен қоса Тексерілетін субъектінің кеңсесіне беріп, актінің екінші данасына ұсынылған материалдарды тіркеу туралы хат-хабарлардың кіріс журналында немесе Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының жүйесінде белгі соқтырып алады.

28. Тексеру нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, оларды Тексерілетін субъектінің басшысы немесе олардың өкілдері еркін нысанда жазбаша түрде баяндайды және Агенттікке немесе оның тексеруді жүргізген аумақтық органына тексеру жүргізудің нәтижелері туралы актімен танысудан кейін үш жұмыс күні ішінде жібереді.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізудің нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, актіге бұл туралы тиісті белгі қойылады.

29. Тексеру және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижесінде анықталған, оларды жою үшін қосымша уақытша және (немесе) қаржылық шығындар талап етілетін бұзушылықтар бойынша, Тексерілетін субъект үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен Агенттік және (немесе) оның аумақтық органына жүгінеді.

Өтініште Тексерілетін субъект бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндайды.

Агенттік және (немесе) оның аумақтық органы өтініште жазылған дәлелдерді ескере отырып, үш жұмыс күні ішінде, бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

30. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада белгіленген бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін Тексерілетін субъект анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты нұсқамада белгіленген мерзім ішінде Агенттікке және (немесе) оның аумақтық органына ұсынады.

31. Тексерілетін субъект тексеру және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижесінде анықталған, тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған елеулі және елеусіз бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде бермеген жағдайда, Агенттік және (немесе) оның аумақтық органы екі жұмыс күні ішінде

Тексерілетін субъектіге нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салу жібереді.

32. Ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салуды алғаннан кейін Тексерілетін субъект үш жұмыс күні ішінде тиісті ақпаратты Агенттікке және (немесе) оның аумақтық органына ұсынады.

Аталған ақпарат ұсынылмаған жағдайда Агенттік және (немесе) оның аумақтық органы Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес тексеру тағайындайды.

33. Тексерілетін субъектілердің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілері табылған жағдайда, Агенттіктің басшылығы немесе оның аумақтық органының басшылары немесе олардың міндетін атқарушы тұлғалар тексеру және (немесе) Тексерілетін субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылаудың материалдарын тиісті құзыретті органдарға жолдау бойынша шараларды қабылдайды.

34. Тексеруші адам (адамдар) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған, соның ішінде коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуді қамтамасыз етеді.

2-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуына сыртқы мониторинг жүргізудің тәртібі

35. Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуының сыртқы мониторингі Агенттік және оның аумақтық органдары:

1) көрсетілетін қызметті берушілер және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімінің бұзылуы бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде көрсетілген мәліметтерді;

2) тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ыншы күніне дейін ішкі мемлекеттік бақылау шеңберінде тексерілетін субъектілер ұсынатын ақпаратты;

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталын, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстарын және бұқаралық ақпарат құралдарын;

4) мемлекеттік қызметтерді көрсету сұрақтары бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мәселелері бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

36. Агенттік басшылығы немесе оның аумақтық органының басшылары немесе олардың міндетін атқарушы тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік

көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуының сыртқы мониторингі нәтижелері бойынша мынадай:

1) Тексерілетін субъект басшысы немесе оның өкілі атына Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуының сыртқы мониторингі қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту, көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша ұсынымдар жолдау және тиісті мерзімге қарау нәтижелері туралы Агенттікті немесе оның аумақтық органын хабардар ету туралы;

2) ішкі бақылау нәтижелеріндегі ақпаратты назарға алу туралы шешім қабылдайды.

Тексерілетін субъектілердің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілері табылған жағдайда, Агенттік басшылығы немесе оның аумақтық органының басшылары немесе олардың міндетін атқарушы тұлғалар тексеру материалдарын тиісті органдарға жолдайды.

3-тарау. Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізудің тәртібі

37. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі – Ішкі мемлекеттік бақылау) орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық органдарының және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелерін үйлестіретін тиісті құрылымдық бөлімшелері бақылау іс-шарасы және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мониторингі нысанында жүзеге асырады.

38. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелерін үйлестіретін орталық мемлекеттік органның, оның ведомствосының және аумақтық органдарының құрылымдық бөлімшесі орталық мемлекеттік органымен, оның ведомстволарымен және аумақтық органдарымен, ведомстволық бағынысты ұйымдарымен, сондай-ақ қызметін үйлестіруді орталық мемлекеттік орган және оның ведомствосы жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізеді.

39. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіретін құрылымдық бөлімшесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізеді. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіретін облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі ведомстволық бағынысты ұйымдар, сондай-ақ қызметін

үйлестіруді облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органы жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізеді.

1-параграф. Бақылау іс-шарасын жүргізудің тәртібі

40. Бақылау іс-шарасы бақылау объектілерінің бұзушылықтарын анықтау, жою және оларға жол бермеу мақсатында орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық органдарының, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органының Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасының сақталу бойынша Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын өзара байланысты бақылау іс-қимылдарының кешені болып табылады.

41. Бақылау іс-шараларын жүргізуге негіз болып табылатын құжаттар:

жоспарланатын кезеңнен (жылдан) алдыңғы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей, орталық мемлекеттік орган, оның ведомствосы және (немесе) аумақтық органы, жергілікті атқарушы орган және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органы басшылығының бұйрығымен бір жылға бекітілетін бақылау іс-шараларының жоспары;

жеке және заңды тұлғалардың нақты фактілер бойынша өтініштері, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мониторингінің нәтижелері және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның тапсырмалары негізінде орталық мемлекеттік орган, оның ведомствосы және (немесе) аумақтық органы, жергілікті атқарушы орган және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органы басшылығының бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрығы.

42. Бақылау іс-шаралары жоспарында бақылауға жататын мәселелер мен объектілердің тізбесі, жүргізу мерзімдері, аяқтау нысандары және бақылау іс-шараларына жауапты орындаушылар көрсетіледі.

43. Бақылау іс-шарасын жүргізудің мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, қойылған міндеттер мен объектілер саны ескеріле отырып белгіленеді және он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

44. Объективті себептер болған жағдайда, бақылау іс-шарасының мерзімі Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің дәлелді ұсынысы бойынша орталық мемлекеттік орган, олардың аумақтық органы және ведомствосы, жергілікті атқарушы орган, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органы басшылығының бұйрығы негізінде он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

45. Бақылау іс-шарасын жүргізуден бұрын ішкі бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері (бұдан әрі – Жауапты орындаушы) бақылау іс-шарасын жүргізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей бақылау объектісін жазбаша түрде хабардар етеді.

46. Бақылау іс-шарасының басталу мерзімі бақылау объектісіне бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықты беру күні болып есептеледі.

47. Бақылау іс-шарасын жүргізу кезінде Жауапты орындаушылар:

1) олар белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау іс-шарасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратады және алады;

2) мемлекеттік құпия туралы заңнаманы және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтауды ескере отырып, бақылау объектісінің бақылау іс-шарасының мәселелеріне қатысты құжаттамасымен кедергісіз танысады;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде бейнеленген электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы, көрсетілген мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің бұзылуы туралы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша келіп түскен шағымдар және оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтерді пайдаланады;

4) Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің құзыретіне кіретін өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

48. Бақылау іс-шарасын жүргізуге бақылау объектісімен азаматтық-құқықтық және еңбек қатынастарында тұрмайтын сарапшылар, сараптама ұйымдары мен мамандар да тартылады.

49. Бақылау іс-шарасы аяқталған соң Жауапты орындаушылар бақылау іс-шарасының актісін екі данада жасайды және оған қол қояды.

Бақылау іс-шарасы актісінің бір данасы бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бақылау объектісінің басшысына таныстыру үшін ұсынылады. Танысудан бас тартқан жағдайда, бақылау іс-шарасының актісінде бас тартқаны туралы белгі қойылады.

Танысудан бас тарту бақылау іс-шарасының материалдарын одан әрі іске асыру үшін кедергі болып табылмайды.

Бақылау іс-шарасы актісінің екінші данасы материалдармен бірге қалады.

50. Бақылау іс-шарасы актіде:

1) бақылау іс-шарасы актінің жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау іс-шарасы жүргізілген бақылау объектісінің атауы, бақылау объектісінің басшысының, сондай-ақ бақылау іс-шарасын жүргізу кезінде болған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы;

3) оның негізінде бақылау іс-шарасы жүргізілген, бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықтың жасалған күні мен нөмірі;

4) бақылау іс-шарасын жүргізген Жауапты орындаушылардың тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы;

5) бақылау іс-шарасының жүргізілген күні, орны және кезеңі;

6) бақылау объектісінің қызметін талдау;

7) бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы, анықталған бұзушылықтар фактілері болса, олар туралы мәліметтер;

8) мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсетудің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы талаптарының орындалмауының себептерін талдау;

9) тексеру жүргізілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның талаптарын сақтау бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы тексеру парағы талаптарының тармақтары;

10) орындау мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында ішкі ресімдерді жақсарту бойынша ұсынымдар;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда бұзушылықты жасаған кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту бойынша ұсынымдар;

12) бақылау объектісі басшысының актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны, сондай-ақ бақылау іс-шарасын жүргізу кезінде болған адамдардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы мәліметтер;

13) бақылау іс-шарасын жүргізген жауапты адамдардың қолдары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда, бақылау іс-шарасы материалдарына олардың құжаттары, анықтамалары, құжаттардың тиісті түрде расталған көшірмелері, сондай-ақ оларға қатысы бар лауазымды адамдардың функционалдық міндеттеріне байланысты олардың жазбаша түсініктемелері қоса тіркеледі.

51. Бақылау объектісінің басшысы бақылау іс-шарасының актісі таныстырылуға ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

бақылау іс-шарасының нәтижесімен келіскен жағдайда – бақылау іс-шарасы актісінің екі данасына да қол қояды;

бақылау іс-шарасының нәтижесімен келіспеген жағдайда – Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге бақылау іс-шарасының актісіне еркін түрде қарсылықтарын жолдайды.

Қарсылықтар бақылау іс-шарасының актісіне қоса тіркеледі, ол туралы тиісті белгі қойылады.

52. Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше бақылау іс-шарасы аяқталғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның басшысына бақылау іс-шарасының материалдары мен актісін ұсынады.

53. Бақылау іс-шарасының материалдары мен актісін қарау нәтижесі бойынша келесі шешімдердің бірі:

1) бақылау объектісі басшысының атына анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, мемлекеттік қызметтер көрсетудің ішкі ресімдерін жақсарту, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19982 болып тіркелген) көрсетілген тиісті мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер) және басқа да нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін оңтайландыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы шаралар қолдану бар хат (бұдан әрі – Шаралар қолдану бар хат) жолдау туралы;

2) ұсынымдар мен ескертулер болмаған жағдайда, бақылау іс-шарасының материалдары мен актісіндегі ақпаратты назарға алу туралы шешім қабылданады;

3) бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде мерзімдердің және (немесе) тәртіптің бұзылуы, сондай-ақ негізсіз бас тарту анықталған жағдайда Агенттікті және оның аумақтық органдарын хабардар ету туралы шешім қабылданады.

54. Осы Қағидалар 53-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, бақылау объектісі ұсынымдарды алғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) қарауға ұсынады.

55. Іс-шаралар жоспары бақылау объектісінің жауапты орындаушыларды, орындалу мерзімдерін және аяқталу нысандарын көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау бойынша шаралар тізбесін қамтиды.

56. Бақылау объектісі Шаралар қолдану бар хатта көрсетілген мерзімдерде Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге Іс-шаралар жоспарын орындау бойынша ақпаратты және Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдардың жауапкершілікке тартылғаны туралы құжаттардың расталған көшірмелерін ұсынады.

2-параграф. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының ішкі мониторингі

57. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының ішкі мониторингін орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық органдарының, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелері тоқсан сайын жүргізеді және мыналарды:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын жария талқылаудың аяқталуы туралы есептерді, мемлекеттік қызметтерді "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында көрсету мәселелері бойынша қызмет туралы есептерді талдауды;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің болуы, оларды бекіту мерзімдерінің сақталуын, оларды "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналасуын талдауды;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру қажеттігін талдауды;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді табу және/немесе жою бойынша заңнаманы талдауды;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығында, мемлекеттік қызметтер көрсетілетін орындарда, "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттың өзектілігін талдауды;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бизнес-процесін оңтайландыру және автоматтандыру мәніне талдауды;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын талдауды;

8) Қазақстан Республикасы заңдарында, сондай-ақ бірінші және екінші санаттағы рұқсатты беру кезінде нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту, көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды не мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында реттелмеген құжаттарды талап ету фактілерін анықтауды;

9) мүмкіндіктері шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайдың болуын талдауды;

10) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдауды;

11) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді енгізуді талдауды;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің қорытындыларын талдауды;

13) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу үшін қажетті қосымша ақпарат алу үшін мемлекеттік органға өтінішті;

58. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық ішкі мониторингінің қорытындысы бойынша Ішкі мемлекеттік бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бизнес-процестерін жетілдіру, оның ішінде оларды автоматтандыру, оңтайландыру және оларды электронды түрге көшіру;

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы сақталмауының анықталған фактілерін жою;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері бойынша бақылау іс-шараларын жүргізу;

5) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығында, мемлекеттік қызметтер көрсетілетін орындарда, "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттың өзектілігі;

6) көрсетілетін қызметті алушыларды мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттандыру бойынша түсіндірме іс-шараларын жүргізу;

7) қызметкерлердің мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

8) бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде мерзімдерді және (немесе) тәртіпті бұзу, сондай-ақ негізсіз бас тарту анықталған жағдайда Агенттік пен оның аумақтық органдарын хабардар ету бойынша ұсыныстар әзірлейді.

59. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық ішкі мониторингінің қорытындысы бойынша ұсыныстар оларды орындау бойынша шараларды қабылдау туралы ақпараттандыру мерзімін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушыларға жіберу үшін мемлекеттік органның басшылығына келісуге және мақұлдауға енгізіледі.

3-параграф. Агенттікке және оның аумақтық органдарына ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептерді ұсынудың тәртібі

60. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалық анықтаманы қоса отырып, ішкі мемлекеттік бақылау бойынша жұмыс туралы есепті:

орталық мемлекеттік органдар - Агенттікке;

орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелері - Агенттіктің аумақтық органдарына ұсынады.

Есеп орталық мемлекеттік орган, оның ведомстволары, аумақтық органдары, ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-ақ қызметін үйлестіруді мемлекеттік орган жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі мемлекеттік бақылаудың қорытындыларын қамтиды.

61. Жергілікті атқарушы органдар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалық анықтаманы қоса отырып, ішкі мемлекеттік бақылау бойынша жұмыс туралы есепті Агенттікке және оның аумақтық органдарына ұсынады.

Есеп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдары, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, сондай-ақ қызметін үйлестіруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтер сапасын ішкі мемлекеттік бақылаудың қорытындысын қамтиды.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі мемлекеттік бақылау бойынша есепті бекітілген нысан бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-інші күнінен кешіктірмей береді.

62. Осы Қағидаларға 3, 4-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-нші күніне дейін талдамалық анықтаманы қоса отырып, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган Агенттікке "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы және электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша ақпаратты ұсынады.

Есеп Мемлекеттік корпорация және оның филиалдары арқылы және электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны бойынша деректерді қамтиды.

63. Ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы ұсынылған есеп мемлекеттік органдар түзету қажеттігі туралы растайтын материалдарды ұсынған жағдайда ғана есептік жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша Агенттіктің және оның аумақтық органдарының түзетуіне жатады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

64. Мемлекеттік бақылау нәтижелері "Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы" бағыты бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін қорытынды бағалауды қалыптастыру кезінде пайдаланылады.

65. Бақылау нәтижелерін Агенттік, оның аумақтық органдары, тексерілетін субъектілер бұқаралық ақпарат құралдарында жария етеді және олардың

интернет-ресурстарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орналастырылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету
сапасын мемлекеттік бақылау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және оның облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдарына

Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet?lang=kk>

Нысанының атауы: Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылау бойынша орталық мемлекеттік органның, оның ведомствосының, аумақтық органдарының, ведомствоға қарасты ұйымдардың жұмысы туралы есеп

Нысанының индексі: 1-мқ

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволарын, ведомстволық бағынысты ұйымдарын, сондай-ақ қызметін үйлестіруді орталық мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды ескере отырып, сонымен бірге орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері және олардың ведомстволары

Ұсыну мерзімі: тоқсанда бір рет, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ыншы күнінен кешіктірмей

Орталық мемлекеттік органның, оның ведомстволарының, аумақтық органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдарының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі мемлекеттік бақылау жөніндегі жұмысы туралы деректер, дана

P/p №	Атқарылып жатқан шаралар	Айлардың атауы			БАРЛЫҒЫ
		Қаңтар (сәуір, шілде, қазан)	Ақпан (мамыр, тамыз, қараша)	Наурыз (маусым, қыркүйек, желтоқсан)	__ тоқсан бойынша
А		1	2	3	4
1. Бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы ақпарат (ішкі бақылау қорытындысы бойынша анықталғандар)					
1.	Жүргізілген бақылау іс-шараларының саны, барлығы, олардың ішінде:				
1.1.	бақылау іс-шараларының бекітілген жылдық жоспарына сәйкес				
1.2.	мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мониторингінің нәтижелері бойынша				

2.	Бақылау іс-шаралары объектілерінің саны, барлығы, олардың ішінде:				
2.1.	орталық мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің және ведомстволарының саны				
2.2.	ведомстволық бағынысты ұйымдардың саны				
2.3.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін жеке тұлғалардың саны				
2.4.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдар немесе ведомстволық бағынысты ұйымдар болып табылмайтын) саны				
3.	Анықталған бұзушылықтардың саны, барлығы, олардың ішінде:				
3.1.	мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімінің бұзылу фактілері				
3.2.	мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту мерзімінің бұзылу фактілері				
3.3.	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартында көзделген құжаттардың толық топтамасы болмаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету фактілері				
3.4.	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартында көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері				
3.5.	ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап ету фактілері				
3.6.	мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бизнес-процесін) бұзу фактілері				
3.7.	мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелсіз бас тарту фактілері				
3.8.	мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен көзделген жұмыс кестесін сақтамау				
3.9.	Қазақстан Республикасының заңдарымен тегін ұсынылуға кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді ақылы негізде көрсету				
3.10.	мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманың өзге де талаптарының бұзылу фактілері				
4.	Қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданған бұзушылықтардың саны				
5.	Мемлекеттік қызметті алу кезінде бұзылған құқықтары қалпына келтірілген қызмет алушылардың саны				
6.	Бақылау іс-шаралары барысында анықталған шағымдарды қарау мерзімдерінің бұзылу саны				

7.	Бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша қабылданған тәртіптік жазалардың саны, барлығы, олардың ішінде:						
7.1.	ескерту						
7.2.	сөгіс						
7.3.	қатаң сөгіс						
7.4.	қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту						
7.5.	лауазымын төмендету						
7.6.	атқаратын лауазымынан босату						
8.	Тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны, барлығы, олардың ішінде:						
8.1.	мемлекеттік органның қызметкерлері						
8.2.	ведомствоға бағынысты ұйымдардың қызметкерлері						
8.3.	өзге адамдар						
9.	Бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша әзірленген ұсыныстардың саны, барлығы, олардың ішінде:						
9.1.	орындалған						
9.2.	орындалмаған						
2. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат							
10.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлерінің жалпы саны, барлығы, олардың ішінде						
	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы						
10.1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне есептік кезеңде енгізілген, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша						
	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы						
11	Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын бекітілген заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны						
	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы						
2.1. Мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы ақпарат							
P/p №	Атқарылып жатқан шаралар	Айлардың атауы				БАРЛЫҒЫ	
		Қаңтар (сәуір, шілде, қазан)	Ақпан (мамыр, тамыз, қараша)	Наурыз (маусым, қыркүйек, желтоқсан)	_____ тоқсан бойынша		
		жеке тұлға	заңды тұлға	жеке тұлға	заңды тұлға	жеке тұлға	заңды тұлға
12.	Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны - барлығы, олардың ішінде:						
	көрсетілетін қызметті берушілермен кеңсе арқылы (Мемлекеттік корпорация арқылы						

	Мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны - барлығы, оның ішінде:								
14.1	көрсетілетін қызметтерді берушілер кеңсе арқылы (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгендерді қоспағанда) мерзімдерін бұзып көрсеткен қағаз түріндегі мемлекеттік қызметтердің саны, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша								
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы								
14.2	электронды түрде ("электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz арқылы) мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша								
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы								
14.3	ақпараттық жүйелер арқылы электронды түрде ("электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz қоспағанда) мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша								
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және ақпараттық жүйенің атауы								
14.4	Мемлекеттік корпорация арқылы мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша								
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы								
15.	Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны - барлығы, оның ішінде:								
15.1	көрсетілетін қызметтерді берушілермен кеңсе арқылы (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгендерді қоспағанда) мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту мерзімдері бұзылып көрсетілген қағаз түріндегі мемлекеттік қызметтердің саны, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша								
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы								
15.2	электронды түрде ("электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz арқылы) мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша								
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы								
	ақпараттық жүйелер арқылы электронды түрде ("электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz қоспағанда) мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту мерзімдері								

